

# **Мүгедектерге көрсетілетін әлеуметтік көмек түрлері**

Мүгедектердің әлеуметтік қорғалуы оларға әлеуметтік , медициналық және әлеуметтік , кәсіби жарамдылығын арттыру , білім беру сияқты бағыттағы қоғамдық өмірге оралтуға байланысты өткізілетін шаралармен жүзеге асады .

Республикамызда мүгедектер мен қарттарға әлеуметтік көмек көрсететін , медициналық , әлеуметтік және кәсіби даму , мүгедек - балаларға білім беру бағдарламасын жасау , моральды - психологиялық жағынан қолдау көрсету , олардың құқықтары туралы ақпарат беретін 6 территориялық орталықтар бар .

- **Білім саласындағы мүгедектерге берілетін жеңілдіктер**
- Бірінші және екінші топтағы мүгедектер мен мүгедек - балаларға 0,5 пайыздық кәсіби және жоғары білім алуларына берілетін квота қарастырылған .  
Жоғары оқу орындарында , мемлекеттік тапсырыс пен мемлекеттік грант бойынша оқып жатқан мүгедектерге стипендиялық қамтамасыз етуде жеңілдіктер беріледі

- **Мүгедектерді жұмыспен қамту**
- Мүгедектерді жұмыспен қамту үшін жергілікті атқарушы органдар ( әкімшілік ) жұмыс орындарының жалпы санына байланысты 3 пайыздық көлемде квота бөледі ; жеке кәсіпкерлік пен шағын және орта бизнесті дамыту арқылы қосымша жұмыс орындарын бөледі , сонымен қатар Қазақстан республикасының заңдылығына сәйкес мүгедектерді жұмыспен қамту үшін жұмыс орындарын анықтап , мүгедектерге кәсіби білім беру қарастырылған . Еңбек қарым - қатынасы тұрғысынан мүгедектердің хұқықтары заңмен негізделген . Еңбек келісім - шартынан бас тарту , басқа қызметке ауысу мүгедектердің өз келсімінсіз жүзеге аспайды , керсініше жағдайда , егер мүгедектің денсаулығына байланысты еңбекке жарамсыздық танытатын болса , жұмыстан босатылады .

- **Мүгедектікті бекіту**
- Мүгедектік тобын белгілеу және тіршілік әрекетіне қабілетсіздік дәрежесін анықтау және қосымша көмек түрлеріне мұқтаждығын белгілеу , халықты әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы орталық атқарушы органдарының аймақтық бөлімшелерімен ( ары қарай – аймақтық бөлімшелер ) медициналы - әлеуметтік сараптамаларды ( ары қарай - МӘС ) жүргізу арқылы анықталады

Дене мүшедегі функциялардың бұзылуының дәрежесіне және тіршілік әрекетінің шектелуіне байланысты мүгедек деп танылған тұлғаға бірінші , екінші , үшінші топ белгіленеді . 16 жасқа дейінгі тұлғаларға « мүгедек - бала » дәрежесі беріледі , он алты жаспен он сегіз жас аралығында мүгедектерге бірінші , екінші , үшінші топтағы « мүгедек - бала » дәрежесі белгіленеді .

Ағзадағы жасқа байланысты өзгерістерге , мүгедектік топты белгілеудің негізі бола алмайды .

- **Медициналы-әлеуметтік сараптама**
- Медициналы - әлеуметтік сараптама тұрғылықты жеріне байланысты медициналық ұйымдардың жолдауы бойынша өткізіледі , ол үшін төмендегі [құжаттарды беру тиіс](#) :
- (088/ к үлгідегі ) медицина - әлеуметтік сараптамасына жолдама , есте сақтаңыз , жолдаманы рәсімделгенінен соң 1 ай ішінде әкелуіңіз тиіс ;
- жеке басты куәландырушы құжатты;
- тұрғылықты тұратын жеріңізге байланысты мәлімет;
- амбулаториялық карта;
- еңбек қызметі жөніндегі мәлімет.
- Мүгедектікті және еңбекке қабілетсіздік дәрежесі белгіленгенде төмендегі [құжаттар беріледі](#):
- мүгедектігі туралы анықтама;
- «Мүгедектерді оңалтудың жеке бағдарламаларынанүзінді» көшірме;
- тіршілік әрекетінің шектеулі дәрежесі туралы анықтама;
- арнайы қозғалу құралдарына мұқтаждығы туралы анықтама
-

- **Азаматты мүгедек деп тану негізі мыналар:**
- ағза функцияларының тұрақты мазалап денсаулықтың бұзылуы;
- өмірлік қызметінің шектелуі (тұлғаның өзін өзі қамтамасыздандыруға толығымен немесе жарым-жартылай қабілетін жоғалту, өзі қозғалу, қарым-қатынасқа түсуі, өзінің іс-қимылын бақылау, еңбек қызметімен айналысу немесе үйрену);
- әлеуметтік қорғау шараларын жүзеге асыру қажеттілігі.
-